

МҰРАТБАЕВ NEWS

БАҚЫТТЫ БАЛА - БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ!

Мектеп, ата-аналар және оқушылар ынтымақтастығындағы отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында “Бақытты бала - бақытты отбасы” апталығының аясында “Математиктер отбасы” тақырыбында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Сайыс барысында оқушыларды ұйымшылдыққа, ой ұшқырлығына, логикалық ойлау қабілетіне тәрбиелеу мақсат етілді.



“Дарынды балаларға - талантты ұстаздар” атты жас мамандар арасындағы педагогикалық олимпиада жүлдегерлері



РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ!

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай, 5-11 сынып оқушылары арасында “Менің арманымдағы Қазақстан” тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ!

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай, 5-11 сынып оқушылары арасында "Менің арманымдағы Қазақстан" тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде I орынды 10 "Ә" сынып оқушысы Дәуренқызы Нұрай, II орынды 10 "А" сынып оқушысы Таңатар Шұғыла, III орынды 10 "Ә" сынып оқушысы Нариман Нұрдәулет иеленді. Осы мерекеге орай, 1-4 сынып оқушыларынан "Атамекен" тақырыбында бірыңғай диктант алынды.



БІЛІМДІ ОҚУШЫ- ЗАМАН ТАЛАБЫ

“ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ” АЙМАҚТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН
ӨТКІЗІЛГЕН ҮЗДІК ОҚУШЫЛАРДЫ
АЙҚЫНДАЙТЫН «ТОП 100»
БАЙҚАУЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

- 4 сынып оқушылары арасындағы
жеңімпаздар:

I орын – Пак Денис

Жетекшісі: Шплецер Елена Владимировна

II орын – Әбілда Иманғали.

Жетекшісі: Диханбаева Жанар Шабденбековна

- 2 сынып оқушылары арасындағы жеңімпаздар:

III орын – Әбілда Ернұр.

Жетекшісі: Кожахметова Замира Рахметкуловна

- 9 сынып оқушылары арасындағы
жеңімпаздар:

II орын – Вахбиева Асима, жетекшісі: Жунисова

Роза Калдыбековна

Жеңімпаз оқушыларды және оқушыларды
дайындаған жетекшілерін құттықтаймыз!



ЖАС МАМАНДАР - МЕКТЕП МАҚТАНЫШЫ!

2022 жылдың 26 қазан күні Байзақ ауданының білім бөлімі ұйымдастырған "Дарынды балаларға - талантты ұстаз" атты жас мамандар арасындағы педагогикалық олимпиадада Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының география пәні мұғалімі Көпбосын Амандық Жанысбекұлы бас жүлде иеленіп, байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды. Сонымен қатар мектептің педагог-психологі Төлендібаева Фариза Мақсатқызы III дәрежелі дипломмен марапатталды. Әріптестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!






ӘЖЕЛЕР СӨЗІ - ТӘРБИЕ КӨЗІ.

28 қазан "Бақытты бала - бақытты отбасы" апталығының аясында әжелер клубы мүшелерінің қатысуымен оқушыларға халқымыздың салт - дәстүрі мен әдет - ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, халық өнегесін сіңіріп, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Әжелер-көңілдің ажары, немере-өмірдің базары» тақырыбында әжелеріміз бен немерелері сайысы ұйымдастырылды. Әжелеріміз өз өнерлерін ортаға салып, кешіміздің соңында дипломдармен марапатталды.



БІЛІМ САПАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА!



Қазіргі таңда мектеп оқушыларының білім көрсеткіштері үнемі қанағаттанарлық деңгейде бола бермейді. Сондай-ақ, өздерінің алған базалық білімін түрлі сыртқы бақылау сынақтарында (ҰБТ, БЖМ, TIMSS, PISA) өз деңгейінде көрсете алмайтын жағдайлар да орын алады. Сондықтан,

Білім беру стандартын орындау, білім сапасын арттыруға және оның тұрақты өсу динамикасын қалыптастыру, жоғары сыныптарда алынатын бақылау сынақтарына дайындау мақсаты мектеп әкімшіліктерінің тәуелсіз бақылау жүргізуі мен осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу қажеттілігін туындатып отыр.

Осы басымдықта Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында 2018-2019 оқу жылынан бастап, оқу үдерісіне тәуелсіз бақылау сынағы ретінде «Гимназиялық бақылау сынамасы» тестілеуі енгізілді. Қазіргі таңда гимназия оқушылары ГБС тестілеуін электрондық форматта тапсырып келеді.

Биылғы оқу жылынан бастап, мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау барысында ГБС тестілеуін өткізудің қызмет түрлері автоматтандырылады.

Ал, алдағы уақытта оқушыларды сынама тестілеуге дайындау мақсатында білім тренажерлері мен мобильді қосымшасын әзірлеуді жоспарлап отыр.

Директордың оқу ісі орынбасары Ж. Ж. Лесбекова